

"Облыстық маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 15 қаулысына өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 1 қазандағы N 245 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 11 карашада N 1727 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 18 шілдедегі N 246 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 18.07.2013 N 246 қаулысымен (алғаш ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 27-бабы 2-тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңы 28-бабына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. «Облыстық маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесін бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 15 қаулысына (Мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 11 ақпанда № 1665 тіркелген, 2008 жылғы 18 ақпан «Солтүстік Қазақстан», 2008 жылғы 18 ақпан «Северный Казахстан» газеттерінде жарияланған) Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Облыстық маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесін бекіту туралы» облыс әкімдігінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 15 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» 2008 жылғы 10 маусымдағы № 164 (Мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 9 шілдеде № 1678 тіркелген, 2008 жылғы 14 шілдедегі № 84 «Солтүстік Қазақстан», 2008 жылғы 14 шілдедегі № 83 «Северный Казахстан» газеттерінде жарияланған), «Облыстық маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесін бекіту туралы» облыс әкімдігінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 15 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» 2009 жылғы 16 ақпандағы № 33 (Мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 3 наурызда № 1701 тіркелген, 2009 жылғы 11 наурыздағы № 29 «Солтүстік Қазақстан», 2009 жылғы 11 наурыздағы № 29 «Северный Казахстан» газеттерінде жарияланған) қаулыларымен енгізілген өзгерістермен, келесі өзгеріс және толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген облыстық маңыздағы балық шаруашылығы

су

тоғандарының

тізбесіндегі:

«Аққайың ауданы» бөлігі реттік номері 16, 17 келесі мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

16	Домашнее	33	Тоқшын ауылының солтүстігінде 0,1 шақырым
17	Рубашное	19	Камышлово ауылының солтүстігінде 2,1 шақырым

«Жамбыл ауданы» бөлігі реттік номері 63, 64, 65, 66, 67 келесі мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

63	Үлкен Қарақоға	130	Троицкий селосының оңтүстігінде 1,3 шақырым
64	Қайранкөл	40,3	Целинный селосының солтүстігінде 0,1 шақырым
65	Песчаное	68	Чапаевка селосының солтүстігінде 1,2 шақырым
66	Табунное	40	Пресновка селосының оңтүстік-шығысында 3,5 шақырым
67	Часовое	40	Петровка селосының солтүстік-батысында 4,0 шақырым

«Қызылжар ауданы» бөлігі реттік номері 82 келесі мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

82	Кривое	60,2	Сумное селосының солтүстік-шығысында 4,2 шақырым
----	--------	------	--------------------------------------------------

«Мамлют ауданы» бөлігі реттік номері 74, 75 келесі мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

74	Сливное	28	Становое селосының солтүстігінде 1,5 шақырым
75	Чистое	44	Раздольный селосының оңтүстік батысында 6,0 шақырым

«Барлығы» жолында «328» цифрлары «338» цифрларымен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Біләлов